



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

BULLETIN

HISTORY SERIES

4(75) 2014

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА	Раздел 1 ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
<i>Мұхатова О.Х.</i> Өлкетану тарихы және оның өзекті мәселелері.....	3
<i>Иманбекова А.А.</i> Традиционное хозяйство казахов в исследованиях казахстанского ученого-экономиста С.Е. Толыбекова ...	8
<i>Шаймарданова З.Д.</i> Периодизация изучения истории центральноазиатского региона и Казахстана во французской историографии	17
<i>Бисенбаев П.</i> «Бекет батыр» жырының тарихи негізі	22
<i>Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М.</i> Казахстанские архивы в период становления и укрепления тоталитарной системы 20-30-х годов XX века	27
<i>Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Тойшубекова Ж.К.</i> История организации экспедиционных исследований и особенности накопления статистической информации	35
<i>Тасилова Н.А., Құлмесканова С.С.</i> Шәкәрім еңбектеріндегі адамгершілік мәселесі	43
2-бөлім ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	Раздел 2 ДРЕВНЯЯ И СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
<i>Омарбеков Т., Хабижанова Г.Б.</i> Қоңыраттардың ортағасырлардағы тарихи тамырлары.....	49
<i>Кәрібаев Б.Б.</i> 1510 жылғы Ұлытау шайқасы және тарихи оның маңызы	58
3-бөлім ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	Раздел 3 НОВАЯ И НОВЕЙШАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
<i>Аубакирова Х.А.</i> Из истории восстания Кенесары Касымов в Акмолинском округе (по материалам документов фонда №374 Центрального государственного архива Республики Казахстан)	65
<i>Ахметжанова А.Т.</i> Қазақстан тарихындағы әйел-тұлғалар.....	70
<i>Алтаев А.Ш.</i> Седентаризация в землеустроительной политике большевиков в Казахстане как средство разрушения традиционного кочевого хозяйства.....	77

ӘОЖ 930:82

П. Бисенбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: fazyl_bisenbaev@mail.ru

«Бекет батыр» жырының тарихи негізі

Мақалада «Ерназар-Бекет», «Бекет батыр» аталып келген жыр нұсқаларының нақты өмір шындығына қатысы сөз болады. Автор өзекті тақырыпты барынша толық түсіндіру үшін оқиға орын алған аймақ пен оның уақытын анықтап қоймайды, сонымен бірге жыр кейіпкерлеріне қатысы бар ел шежіресі мен тарихи деректерді де молынан пайдаланады. Он бес жылға созылған ұлт-азаттық көтерілісінің түпкі себептері мен қалыптасқан саяси жағдайлар, отарлық езгіден туған халықтың ауыр тұрмысы да назардан тыс қалмайды.

Ізденуші жыр сюжетін жан-жақты қарастырғанда мынадай шарттылықтарға назар аудару керектігін ескертеді. Атап айтқанда, ол өмір шындығы мен жанрдың арақатынасын, қиялдың табиғатын, нақты мәліметтердің сол күйі қайталанбайтынын, хронологиялық жүйенің сақталмайтындығын, болған жайттарды халықтың өзінше түсінетіндігін, тарихи жырларда кейіпкерлердің даралық бейнесі түпнұсқаға жақындай түсетіндігін есепке алу қажет деп есептейді.

Бұл айтылғандар тарихи жырдың өмір шындығына қатысын зерттеудің өзіндік міндеттері мен ерекшеліктері бар екенін көрсетеді. Мұнан біз тарихи жырды жинау, талдау, жариялау жөнінде қалыпты дәстүрдің орныққанын байқаймыз. Сол көне мұраны меңгеру, әрі қарай зерттеу жүргізу бүгінгі фольклортанудың басты міндеті.

Түйін сөздер: «Ерназар-Бекет», «Бекет батыр» жырлары, сюжет, дәстүр, талдау, Ә. Диваев, мұра.

P. Bisenbaev

Historical basis of the zhyr «Beket Batyr»

The article raises the problem of realism in historical reality in the versions of epic zhyrs «Yernazar-Becket» and «Becket Batyr». For maximum coverage of important topics the author reveals the regional context of the events, their time, while using historical materials and folk chronicles (shezhire), pertaining to the heroes of the zhyr. The author pays much attention to the hard life of the people, who were caught under the yoke of colonization, the political situation and the causes of national liberation uprising that lasted 15 years. Having investigated thoroughly the plot of the zhyr, the author focuses on the following aspects. Namely, he believes the most important facts are elicitation and interaction of life and epic zhyr, the mysteries of nature, enduring values, a chronological system, especially the characters of epic zhyr. All of the above is relevant to the investigation, its specificity and objectives.

From this perspective, we have to collect, analyze, publish historical zhyr as an important part of the tradition. Therefore, the development of ancient heritage, its System research becomes the main task of today's folklore specialists.

Key words: Historical Songs «Yernazar-Becket», «Becket batyr», the story, the tradition, the analysis A.Divaev, heritage.

П. Бисенбаев

Историческая основа жыра «Бекет батыр»

В статье поднимаются проблемы реализма исторической действительности в вариантах эпических жывов «Ерназар-Бекет» и «Бекет батыр». Для наибольшего охвата значимости темы автор выявляет региональные контексты событий, их время, одновременно используя исторические материалы и народные летописи (шежіре), имеющие отношение и героям жыва.

Автор не оставляет без внимания тяжелую жизнь народа, оказавшегося под гнетом колонизации, политическую ситуацию и причины национально-освободительного восстания, длившегося 15 лет. Исследовав всесторонне сюжет жыра, автор обращает особое внимание на следующие аспекты. А именно, наиболее важным он считает выявление фактов взаимодействия природы, переходящие ценности, хронологическую систему, особенности персонажей эпических жанров.

Все сказанное имеет отношение к нашему исследованию. Исходя из этого мы собирали, анализировали, публиковали исторический жыр как важнейшую часть традиции. Поэтому освоение древнего наследия, его научное системное исследование становится основной задачей современных фольклористов.

Ключевые слова: исторические песни «Ерназар-Бекет», «Бекет батыр», сюжет, традиция, анализ, А. Диваев, наследие.

Тарихи жырларда суреттелетін оқиғалар тізбегін замана шындығын анықтауға септігін тиер дерек көздерімен салыстыра караудың маңызы ерекше. Шығарманың тарихи негізін білу оның мазмұны мен мағыналық бөліктерін де дұрыс түсінуге, оқиғаның хронологиялық ретін дәл белгілеуге мүмкіндік береді. Мұндай амалдар жырды айтып, таратушылардың қандай мәліметтерді не себепті таңдап алып, оны қалай қорытқанын анықтауға көмектеседі. Жырдағы көркемдік бейнелеу тәсілдері мен сюжет ерекшелігін түсіну үшін қиял мен ақиқат шындықтың арасалмағын айқындаудың да мәні зор. Қолда бар тарихи жырлардың мәтіндерін қарағанда, бұлардың мөлшері барлық жырда бірдей емес. Бір шығарма тарихи деректен көп алшақ кетпесе, кей шығармаларда болған оқиғалардың ізі де байқалмайды. Шығарманың идеялық мазмұнына, суреттеліп отырған дерекке қатысына қарай анықталатын қиял табиғаты да өзгеше. Сондықтан да жекелеген жырлардың сюжеттеріне талдау жасаған тұста қиял мен фактінің арақатынасын анықтау негізгі міндеттердің қатарында тұрады.

Тарихи жырлардың өзгеруіне себеп болатын жалпы үдерістерге өмір шындығына қатысы бар детальдардың, кісі аттары мен елді мекен атауларының ұмытылуы, жырдың қысқаруы, жекелеген эпизодтардың түсіп қалуы тәрізді құбылыстарды да жатқызуға болады. Мысалы, белгілі бір жырлардың экспозициясы сақталып қалатын болса, енді бір жырлардың таныстыруы мен экспозициясы мүлде көрінбейді. Соның нәтижесінде жырдың қалай аталғаны белгісіз болып қалып жатады. Көйбір тұстарда түсіп қалған детальдардың жаңа бөлшектермен толығып отырғанын байқаймыз. Ол жырлардың көлемі ұлғайып, сюжеті күрделеніп, эпизодтар қатарының өсіп жатқаны байқалады. Аталмыш тарихи жырлардың ауқымды жырларға айналуы контоминация есебінен, яғни типтік мотивтер мен басқа жырдан ауысқан мағыналық бөліктердің

қосылуынан болады. Кей жағдайларда тарихи жырлардың сюжеті қайталау, тұрақты эпитет, сипаттама, теңеу, типтік формула сияқты өрнектердің есебінен өсіп, жолы көбейіп жатады. Мұндағы басты мәселе алдыңғы тарихи жырлардың көкейден кетіп, біржола ұмыт болуы. Ол процестердің нақты мөлшері жырдың мазмұны мен табиғатына, өмір сүрген ортасына, жергілікті жердің ақындық дәстүріне, т.б. байланысты. Жыр нұсқаларын талдау осы өзгешеліктердің түпкі сырын түсінуге мүмкіндік береді.

«Бекет батыр» жырының көпке мәлім нұсқаларына желі болып тартылған негізгі оқиға – Бекеттің ішкі-сыртқы жауға қарсы күресте көрсеткен ерлігі. Онда Арыстан сияқты хан тұқымдарының қиын-қыстау күндерде халықтың арман-аңсарын емес, өздерінің қара басының пайдасын ойлайтын сатқындық саясаты әшкере болады.

Жырдың Ә. Диваев бастырған ең көлемді нұсқасы былай басталады: Ертеде Орынбор, Петербор деген шаһар болыпты. Алшын, Жаппас деген елі бар, Арыстан атты хан болыпты. Онда Көтібар деген бай бар екен. Оның Серкебай, Шынтемір, Матай, Дәрібай, Есет деген жеті баласы болыпты. Серкебайдан жалғыз бала, оны Бекет дер екен. Өзі арыстандай айбатты, Рүстемдей қайратты, Жолбарыстай жүректі, ақылға өте зеректі екен. Оның бетіне ешбір дұшпан қарсы келмепті. Бір күндері лек-лек болған патша әскерін бастап Арыстан хан келіпті. Қазақтарға жер, қоныс, мал-мүлік бересің депті. Бекет батыр оларға қарсы төрт жүз колмен шабуыл жасапты. Әскерін жеңіп, Арыстан ханды бауыздап өлтіріпті [1].

Аничков бастырған «Ерназар-Бекет» жырының басталуында ілгеріде баяндалған оқиғалар түгел қамтылмағанымен Бекеттің Арыстанды өлтіріп, Орынбор түрмесінде он екі ай отырғаны көрсетіледі. «Ерназар-Бекеттің» Мыңбайұлы Ахмет, Құсыниұлы Мұрат т.б. нұсқаларында да Арыстан ханның қазасы Бекеттен келгені айтылған [2; 89].

Оқиғаның дәл осылай өрбігенін тарихи мәні бар құжаттар да растайды. Демек, жыр өмірде орын алған істердің ізімен жарияланып, оқиғадан кейін көп ұзамай туған болады. Бұл жырда қиял қоспасының азайып, ақиқат шындықтың мол болуының өзі-ақ бұрынғы эпикалық дәстүрден гөрі нақтылық сипаты басым екендігін көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында туған «Бекет батыр» жырында сол дәуірдегі тарихи тартыстардың шынайы суреттері бар. Жырда бар әңгіме басты кейіпкер Бекет батыр атынан баяндалған, онда 1847 – 1858 жылдардағы Есет Көтібаров бастаған көтерілістің кейбір оқиғалары елес береді.

Зерттеушілер келтірілген мағлұматтарда: Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовский Ақмешіт қаласын алу үшін Ырғыз, Шалқар өңірінен мыңдаған түйе, әскери керуендерге қызмет көрсету үшін 1500 ауыл адамын жинауды аға сұлтан А. Жантөринге тапсырғаны айтылған.

Осы жайтқа байланысты Есет Көтібаров 1853 жылдың тамызында Назар, Шүрен, Адай, Кете, Жақайым, т.б. рулардың билерімен кеңесе отырып, түйе, адам бермеуге, ал күш көрсетіп жатса, қарсылық көрсету туралы шешім қабылдайды. Бұған Перовский тас-талқан болып ашуланып, А. Жантөриннің қол астына 1000 қылыштық орыс-қазақ, башқұрт жасақтарын беріп, Шекті елінен түйелерді адамымен алуды, Е. Көтібаровты тұтқындап Орынборға жіберу жайында пәрменді нұсқау береді.

Арыстан сұлтан: «Сені патша жазаламайды, кешіріммен қарайды, қасындағы жасақтарды тарат, бітімге көш» деп Есетті азғырады. Есет екі ұдай ойға қалады.

Оған қасындағы немерелес ағайындары Бекет пен Ерназар Кенжаліндер «Сиқырдың сөзіне сенбе, қолына түссең құрыдың!» деп ақыл айтады. Содан Есеттер жағы «соғыспай беріспейміз!» деген сертке тоқталады. Сөйтіп 1855 жылы 8 шілде күні таң ата Есет, Бекет, Ерназар бастаған көтерілісшілер Суықсудағы Арыстан Жантөриннің шатырына шабуыл жасайды. Арыстанды өлтіріп, оннан астам болыс-билерді жазалайды, қазақ орыс отрядының тас-талқанын шығарады. Жағдай әрі қарай шиеленісе 1858 жылдың жазында Орынбор бекетінен флигель-адъютант Игнатьев, екінші жағынан Орынбор генерал-губернаторы Катенин көп әскермен шығып, көтерілісшілерді қыспаққа алады. Жазалаушы отрядтың айласын түсінген Есет батыр елді жойқын қырғыннан аман алып қалу үшін үдере көше отырып, жау

әскерін шөлге ұрындырады. Бейбіт елді Борсық, Жыланды бойына қалдырып, шағын топтармен Үстіртке шығады. Сөйтіп, тұтқиылдан шабуыл жасау әдісіне көшеді.

Есет тобын ұстай алмайтынына көзі жеткен жазалаушы отрядтар бейбіт жатқан ауылдарға шабуыл жасап, кәрі-жасына, әйел-баласына қарамастан қырғынға ұшыратып, ауылдарды тонап, малдарын айдап әкетті.

1858 жылы ел басына аса ауыр күн туады. Он жылға созылған шайқас халықтың берекесін кетіріп, жұрт сенімін тұмандақты. Көтерілісшілер саны азайды. Е. Көтібаров патша әкімшілігіне өз еркімен берілуді жөн көреді [3; 67]

Кейіпкер монологының келесі жолдарында Бекеттің тұтқынға түсуінің бір себебі айтылып қалады:

*Ауылдан бермен жүрерде,
Орысқа елші болып келерде.*

Негізгі жыр нұсқаларында Бекеттің тұтқынға түсуіне түрткі болған жайлар түрліше түсіндіріледі.

Ә. Диваев нұсқасында сол уақытта Орынбор қаласына оязной начальник болып тұрған әкім «Кімде-кім Бекетті ұстап берсе, соған сый беремін, оязға көмекші етемін» деп жар салыпты. Бұған ешкім шыға қоймапты. Сонда біреуі тұрып айтыпты: «Бекетті қолға түсіре алмайсыз. Ол аса күшті, айлалы батыр. Оның бір Шернияз деген досы бар, сол айламен алып келсе – алып келер. Соған айтыңыз», – дейді. Әкім Шерниязды шақырып: «Бекетті ұстап әкел де, оязной әкімнің помощнегі бол», – дейді. Шернияз шайтандық жолына түсіп, Бекетті азғырады. «Батыр аңғал» деген, Бекет Орынборға өз ажалымен барып, тұтқынға түседі.

Мыңбайұлы Ахмет те генерал-губернатор Бекетті ұстауға адам шығарып, әскер жіберсе де қолға түсіре алмайды. Бекетке елші жіберіп сөйлесіп, «Бекет батыр маған өзі келсін, айтқаныма көнсін, кешіремін» дейді. Сол сөзге нанып Бекет Орынборға бармақшы болады. Қабақ елінен шыққан Есет батыр Бекетке «барма, жазым боласың» дейді. Бекет бұл сөзді елемей, қасына Ерназарды ертіп, Орынборға жүріп кетеді.

Жыр нұсқаларындағы өзгешеліктер – шығарманың ел-жұртқа кеңінен таралғанының айғағы. Содан кейін тарихи деректердің сол күйі сақталуы шарт емес. Шығарма болған соң қиял қоспасы болмай тұрмайды. Дегенмен, бар оқиғаны шиеленістіріп жүрген Шернияз деген

кейіпкер тарихи құжаттарда кездеспейді. Содан кейін Бекеттің губернатор кешіреді екен деп бара қоюы да неғайбыл. Қалайда Бекеттің шабылған елден тұтқынға түскен ер-азаматтарға, әйел, бала-шағаға сауға сұрап көтерілісшілер атынан елшілікке баруы мүмкін.

Көтерілісшілер атынан Орынборға елшілікке барып, тұтқынға түскен, әрі қарай Сібірге жер аударылған адамдар Кенесары қозғалысы кезінде де болған. Олар жайында Ж. Қасымбаев былай деп жазады: «Енді Кенесарының бес елшісінің тағдырына қайта оралсақ. Сібір шекаралық комиссиясының төрағасы міндетін атқарушы полковник Ладыженский князь В.Д. Горчаковқа жолдаған хатында «Кенесары қарақшыларын» Орынбордағы әскери сотта қарау қажеттігін негіздей келе, көтеріліс жөнінде қажетті мәліметтер алу үшін оларды түрмеде, жеке бөлмелерде қапаста ұстауды, әрі қарай Сібірге жер аударуды қажет деп санайды» [4; 87]

Қалай дегенмен, жырды алғаш шығарып, ел ішіне таратушы ақын көтерілістің мән-жайын жақсы білген.

Міне, жырдың осындай ерекшеліктеріне қарап мұны әу баста Бекет батырдың өзі айтып, сәлемдемесін елдегі ағайынға жеткізуді аманаттап тапсырған деп шамалауға болады. Ең бастысы жыр бірінші жактан, батырдың өз аузынан баяндалған.

«Ат жақсысы – кермеде, ер жақсысы – түрмеде» дегендей, Ресейдің отарлық саясаты асынып тұрған мезгілде әділдік іздеп, аласұрған батырлардың көбі тар қапаста тоғытылғаны мәлім. Осындайда жазықсыз жапа шеккен ел адамы бар көрген қиындығын өлең өріміне түсіретін болған. Бұған Батақтың сарысы, Қаракесек Мәдилердің артында қалған мұралары дәлел болмақ. Оның үстіне Бекет батырлығымен қоса белгілі шешен адам болған. Ел ішінде оны салмайын Бекет, сал Бекет, паң Бекет деп атайды екен. «Бекет батыр» жыры бастапқыда осындай жағдайда туып, кейін төкпе ақындардың айтуында бір ізге түсіп, өлеңді жырға айналған дейміз. Жыр нұсқаларында соғыс суретін, жекпе-жекте, кейіпкерлердің батырлық қырын ашатын эпизодтар жоқтың қасы. Оның үстіне жырдың баяндау формасы дәстүрлі жыр үлгісімен емес, көңіл-күйін шертетін салт өлеңдердің үлгісінде берілген. Мысалы:

*Қараңғы үйдің ішінде
Ботасыз нардай боздадым,
Көп арбаның үстінде
Көлденең жатып толғадым,*

*Ішінен дертім қозғадым,
Ерлігім, сенен не таптым? –*

деген жолдардан осы жайлар аңғарылады [5].

Жыр желісінде Бекеттің Сібірге айдалып бара жатқандағы елімен қоштасуы күрделі орын иеленеді. Негізінен қоштасу жанрының ең бір көркем үлгісі саналатын басты кейіпкер монологы көп шындықтың сырын ашуға көмектеседі. Біріншіден, Бекеттің батырлық қасиеті, оның Есет Көтібаровты биік бағалағаны байқалады.

*Жалғыз ағам Есет ер,
Бекетжан, сен барма деп,
Екі келді өзіме,
Аспадым құлақ сөзіне.
Есет берген көп ақыл
Орынборға келген соң,
Қараңғы үйге кірген соң
Бір көрінді көзіме...[5].*

Бекеттің атақты Есет Көтібаровтың сенімді нөкерлерінің бірі болғаны, туыстық жақындығы да бар екені өз аузынан осылайша баяндалады. Осы жерде айта кету керек, Ә. Диваев нұсқасында, көптеген зерттеулерде Бекеттің әкесі Серкебай Көтібардың баласы делінеді. Бұл шындықтан алшақ әңгіме. Дұрысы, Серкебай Көтібардың немере ағайыны Қосайдың баласы. Ал, Көтібардың Есет, Дәрібай, Шынтемір, Сатай, Сарыбөпе, Матай деген алты ұлы болған.

Ерназардың жұбату сөзі көп нұсқаларда тұрақты түрде қайталанып отырады. Осыған қарағанда, бұл кейіпкердің Сібірге айдалып бара жатқан Бекеттің жанында болғанына шүбә келтіру қиын. Мұрағат құжаттары Ерназар Кенжалиннің Бекетпен бірге Сібірге жер аударылғанын растайды.

Көтерілісшілер жеңіліс тапқан соң, Арыстан Жантөринді өлтірді деген айыптаумен бірнеше адам ұсталған. Алайда шекаралық комиссияның бастығы Григорьев пен Врангель өте-мөте қауіпті көтеріліс басшылары ретінде Бекет пен Ерназарды ерекше бөліп атап отырған [3].

Тарихи дерек көздеріне қарағанда, Ерназар Кенжалин өткір тілді, біртоға шешен адам болған. Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары тұтқындалып, Орынборда әскери сот процесі жүреді. Жауап алу үстінде кезек Ерназар батырға келгенде сот төрағасы: «Неге үндемей орнында қалшыып тұрсың? Бекет екеуіңнің Арыстанды өлтіргендегі екпіндерің өте қатты еді ғой», – деп сұрапты. Сонда Ерназар іркілмей: «Таксыр, айдың жартысы жарық, жартысы қараңғы бола-

ды. Жарығында жүрдік, қараңғысында тұрмыз. Айымыз онынан туса, тағы да атқа қонамыз», – деп жауап беріпті [3].

1948 жылы М. Әуезовтің редакциясымен басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихында» ға-

лым Б. Шалабаев Ерназарды Есеттің баласы деп көрсетеді [6]. Есеттің Назар атты баласы болғаны, оны орыс жазалаушы жасағы тұтқынға алғаны рас. Алайда Есеттің ел ішіндегі бедел-абыройынан қауіп қылған орыс әскері оны босатып қоя берген.

Әдебиеттер

- 1 OFK. 151-бума, 1-дәптер.
- 2 OFK. 354-бума, 1-дәптер.
- 3 Байдосов З., Төлепбергенов Т. Есет батыр. – Атырау, 1993.
- 4 Қасымбаев Ж. Кенесары хан. – Алматы, 1993.
- 5 Бекет батыр // Жұлдыз. – 1991. – №5.
- 6 Шалабаев Б. Бекет батыр // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1948.

References

- 1 OGK. 151-buma, 1-dapter.
- 2 OGK. 354-buma, 1-dapter.
- 3 Baidosov Z., Tolepbergenov T. Eset batyr. – Atyrau, 1993.
- 4 Kasymbaev Zh. Kenesary khan. – Almaty, 1993.
- 5 Beket batyr // Zhuldyz. – 1991. – №5.
- 6 Shalabaev B. Beket batyr // Kazakh adebietinin tarihy. – Almaty, 1948.